

Қазақ демографиясының өзекті мәселелері

XVIII ғасырдың соңындағы қазақ халқының демографиялық көрсеткіштері

Патшалық Ресей отарлаушылары қазақ даласын толық отарлап болған соң, әр кез халық санағын жүгізіп отырған. Мәселен, 1840-шы жылдары жергілікті қазақтың би-сұлтандары берген мәліметке сүйеніп санақ жүргізген:

□ полковник Бларемберг Кіші жүзде шамамен 500 000 адам 100 000 түгін болды десе;

□ Орта жүзге зерттеу жасаған полковник Бутовский 1833 жылы онда 468 000 адам, 116 500 шаңырақ болғаны жайлы дерек келтіреді;

□ Ұлы жүзді зерттеушілер Южаков пен Аристов бұл елде 95 000 шаңырақ, 550 000 қазақ болғаны жайлы мәлімет қалдырған екен (*Е. Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994. 57-58*).

Бұдан біз 1830-1840 жылдары қазақ даласында барлығы – 311 500 344 345 шаңырақ, 1 518 000 адам болғанын аңғарамыз.

Келесі тағы бір дерек: 1895 жылы жарық көрген «Брокгауз-Ефрон» энциклопедиясының 29-томдығында жарық көрген зерттеуші А.Яновскийдің жазбасында: «Саны жағынан қазақтар Азиядағы көшпелі тайпалардың ішінде бірінші орынға ие. Қырғыз-қайсақтар Волга жағалауынан, Тарым бассейне дейін, Әмударияның төменгі төменгі ағысынан Ертіс өзенінің солтүстік аңғарына дейінгі ұшы-қиырсыз өлкеде (50 мың шаршы геогр.миль) көшіп-қонып тіршілік етеді. Олардың саны 3 млн. адамнан әлдеқайда көп. Тек Ресейдің қол астындағылардың өзі 3 млн. астам деген дерек келтіре отырып, жоғарда айтылған аумақта өмір сүріп жатқан қазақтардың статистикасын беріпті. Атап айтқанда:

Астрахан губерниясында – 216 000 адам;

Орал облысында – 412 601 адам (халықтың 79 пайызы);

Торғай облысында – 338 802 адам;

Ақмола облысында - 341 414 адам (халықтың 73 пайызы);

Семей облысында – 547 577 адам (халықтың 90,6 пайызы);

Жетісу облысының солтүстік уездерінде – 600 000 адам,

Сырдария облысында – 730 000 адам (халықтың 60 пайызы);

Әмудария шегінде – 40 000 адам ;

Самарқанд облысында – 20 000 адам;

Закаспий облысында – 40 000 адам;

Верхнеурал, Челябині, Тройцк уездерінде – 40 000 адам.

Сол сияқты тағы ресми құжат 1897 жылы күллі Ресейде жүргізілген халық санағының деректері жарық көрген «Гранат» энциклопедиясында қазақтардың саны:

Торғай облысында – 410 904 адам;

Орал облысында – 460 173 адам;

Бөкей ордасы (Астрахан губ) – 250 820 адам;
Ақмола облысында – 427 389 адам;
Семей облысында – 604 564 адам;
Жетісу облысында – 74 815 адам;
Сырдария облысында – 952 061 адам;
Самарқанд облысында – 63 091 адам;
Закаспий шебінде – 74 224 адам;
Томск губерниясында – 24 643 адам;
Тобыл маңында – 7 481 адам;
Самара маңында – 7 843 адам;
Орынбор маңында – 4 971 адам;
Алтай өлкесінде – 1 159 адам...

Барлығы – 4. 084. 139 қазақ өмір сүрген екен (*Мұхтар Құл-Мұхамед. Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. Атамұра: Алматы, 1994. 83-84 бб*). Бұл статистикаға осы тұста Қытай және Моңғол елінде өмір сүріп жатқан қазақтар есепке алынбағаны байқалады.

Ал, Ресей империясының 1897 жылы жүргізген алғашқы жалпы тұрғындар санағында таза қазақ тілі негізінде 4 084 139 қазақ пен «қайсаққа туыс» 7607 қыпшақтардың сөйлейтіні жайлы дерек жоғарыдағы санақ қорытындымен сәйкес келуде. Және қазақтар Ресей империясы аумағындағы түрік халықтарының (13 601 251 адам) 30,08 пайызын құрап отырғаны айтылыпты. Ресей құрамындағы түрік халықтарының саны:

1. Қазақтар – 4 084 139
2. Татарлар – 2 262 074
3. Әзербайжандар – 1 475 553
4. Башқұрлар – 1 321 363
5. Сарттар – 968 655
6. Шубаштар – 843 755
7. Өзбектер – 726 534
8. Түріктер – 440 412 (осман түріктері 208 822) барлығы- 649 234
9. Түркімендер – 281 357
10. Якуттар – 227 384
11. Қырғыздар – 201 682
12. Тевтярлар – 117 734
13. Қарақалпақтар – 104 274
14. Құмықтар – 83 408
15. Ноғайлар (қара ноғайлар) – 64 080
16. Ұйғырлар – 56 469
17. Мещеряктар – 53 847
18. Қарапапахтар – 29 902
19. Қарашайлар – 27 223
20. Қашқарлықтар – 14 938 адам (*Империя бойынша алғашқы рет жүргізілген жалпы тұрғындар санағының қорытынды жинағы 1897 жылы 28 қаңтарда жарық көрген. – СПб., 1905. – с. XXV-XXVI*).

1897 жылғы санақта Қазақстан аумағынан сырт қалған қазақтар

саны:

- Астрахан губерниясында – 42,6 мың;
- Самара губерниясында – 7,4 мың,
- Орынбор губерниясында – 3,9 мың;
- Ішкі Ордада (Бөкей Ордасы) – 207, 3 мың;
- Тобыл губерниясында – 29 мың;
- Қытай елінде – 100 мыңға жуық;
- Моңғол елінде – 12 мың;
- Түркімен жерінде – 73 мың;
- Жызақ-Ходжент уездерінде – 63 мың;
- Ауғанстанда – 2 мың.

Осы 1897 жылғы санақтың қорытындысы бойынша, Қазақстан территориясында 4 147 701 адам тұрса, осылардың 80 пайызы қазақтар екен. Ал, сырттан қоныстанушы орыстар саны – 544 мың, яғни, жалпы халықтың 12.8 пайызы (осылардың 40 пайызы шаруалар, 33 пайызы орыс-казак жасағы, 19 пайызы мещандар, 5 пайызы дворяндар).

Сондай-ақ, 87,7 мың украин болған. Бұлар жалпы тұрғындардың 2 пайызын қамтыған. Бұлардан басқа, 56 мың татар, 29,5 мың өзбек, 12 мың белорус, 12 мың мордва, 7 мың неміс, 2,8 мың түрікпен, 2,6 мың башқұрт, 1651 еврей, 1254 поляк, 997 қалмақ, 987 тәжік, 375 бұлғар өмір сүріпті.

Сол сияқты шығыстанушы П.Г.Галузоның 1929 жылы жарық көрген «Отар Түркістан» атты еңбегінде: «1915 жылы Қазақстан халқы 6 млн-ға жетті» деп жазыпты. Дәл осындай деректі алаш ардагері Мұстафа Шоқайдың «Түркістан Советтердің билігінде» атты жазбасынан кездестіруге болады.

XX ғасырда қазақ ұлттының демографиялық құлдырауы

1897 жылғы күллі империялық санақта 4 084 139 жеткен қазақтар, арада ширек ғасыр өткенде саны өсіп 6 млн-ға жетіп жығылыпты. XIX ғасыр басындағы мына бір деректе: «Қазақтар 6 миллионға жуық және Азиядағы түркі тектес халықтар ішінде оспан түркілерінен кейінгі екінші орында осылар тұр» десе (*Киргизы. // «Русская энциклопедия». Том – 10. СПб., 1914, с-135*), Алаш ардагері Мұхамеджан Тынышбаев 1905 жылы 19 қарашада автономиялардың 1-ші сиезінде жасаған баяндамасында: 1897 жылғы жалпы санақта Ресей құрамындағы қазақтар саны 4 млн-нан астам болғанын, сондай-ақ, Ресей империясы құрамындағы ұлттар ішінде саны жағынан 6-шы орында (*орыстар – 55,7 млн, кішірусьтар – 22, 5 млн. поляктар – 8 млн. белоры-стар – 5.9 млн. еврейлер – 5 млн.*) тұрғаны жайлы нақты ақпар бере отырып, Торғай облыстық басқармасының кеңесшісі И. Крафттың XIX

ғасыр басында Ресей аумағындағы қазақтар саны 6 млн. болды деген дерегін және ресейлік статистика маманы Я.Я.Полферовтің қазақтардың нақты саны 5,5 млн.-нан асты деген нақты болжамын келтіріпті (*Жұлдыз журналы, 1992, № 8. 142-б*).

1911 жылғы тағы бір құжатта Қазақстанда 5 млн. 408 мың қазақ болды деп жазылған екен. Осы тұста Қытай мен Моңғолияда 100 мың қазақ өмір сүрген.

1916 жылы жүргізілген санақ бойынша:

- Қазіргі Қазақстан және Қырғызстанның бірқатар аймақтарында 3 994 500 қазақ,
- Орта Азияда (Самарқанд, Каспий сырты, Ферғана облыстарында) 235 500 қазақ,
- Астрахан губерниясында 353 700 қазақ,
- Орынбор, Самара, Томск, Тобыл, Енисейде 95 100 қазақ,
- Ресей империясының жерінде барлығы 4 678 800 қазақ өмір сүріп жатыр делінген (*М.Мұқанов. Қазақ жерінің тарихы. Алматы: Қазақстан, 1944. 74-б*).

Жылдар	Орта Азия халықтары арасындағы қазақтардың пайыздық үлесі
1897 жылы	52.5 %
1911 жылы	57.5 %
1926 жылы	37.5 %
1951 жылы	27.1 %
1970 жылы	26.5 %
1979 жылы	25.5 %
1989 жылы	23.3 %

1926 жылғы санақ бойынша: Қазақстанда 6,5 млн. адам тұрыпты. Оның 539,3 мың яғни 8,3 пайызы қалалық, қалған 92 пайызы ауылдық жерлерде өмір сүрген екен. Осылардың - 49 пайызы әйел, 51 пайызы ер адам.

1916 жылы елмізде қазақтар саны 4 678 800 болса, 1926 жылы 3 млн 963 мыңға дейін құлдыраған. Яғни, 10 жылда қазақ топырағынан 1 323 126 қазақ жоғалған. Бұлар 1916 жылғы көтеріліске қатысып, жазалаудан қашып шетел аскандар және 1921-1922 жылғы аштықта қырылып қалғандар болмақ.

Осы тұста Қазақстандағы халықтар ұлттық құрамы жағынан 57,1 пайыз қазақтар, 19,7 пайыз орыстар, 13,2 пайыз украин, 3,3 пайыз өзбек, 1,8 пайыз қарақалпақ, 4,9 пайыз басқа ұлттар. Қалада тұратын халықтың дені орыстар – 52,7 пайыз (*1928 жылғы КСРО атласы құжаттамасынан*).

Одан кейін 1931-32 аштық жылдары 1,3 млн қазақтан айырылды. Сөйтіп, 1933 жылдың аяғында Қазақстанда бар-жоғы 2 млн. 493 мың қазақ қана тірі қалды. 1915 жылғы қазақ санына арада 75 жыл өткенде, 1990 жылы ғана зорға жетіппіз.

Яғни, 1916 жылы қазақтар саны 6 млн. болса 1939 жылы халық санағында 3 099 000 адамға кемісе, 1944 жылы еліміздегі қазақтар саны 1.9 млн-ға дейін азайып, өз елінде 21.9 пайызға дейін кеміп кеткен (М. Мырзахметұлы. *Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы, 2011. 286-б*).

Мақаш Тәтімов өзінің «Демографиялық кескін» атты мақаласында: қазақ халқы 1916 жылы 5 млн. 650 мың болған. 1916-1945 жылдары қазақтардың саны 3 млн. 150 мың адамға немесе 45 пайызға кемігенін айтады («Қазақ» студенттерге арналған оқу құрал. Алматы: Білім, 1994. 66-б).

Осы аралықта өзбектер 12.36 есеге, түрікмендер 5.6 есеге, қырғыздар 5.7 есеге, тәжіктер 0.5 есеге, ұйғырлар 6 есеге өссе, қазақтар осы аралықта 3 есеге кеміген (М. Мырзахметұлы. *Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы, 2011. 287-288 бб*).

Қазақстан жерінде байырғы халқы қазақтар саны ойсырап кеміп жатса, басқа ұлттар саны өлшеусіз өсіп жатты. Осы аралықта сырттан келіп қоныстанушылар тасқыны бір сәт толастаған жоқ. Тарихшы Манаш Қозыбаевтың пайымдауынша, 1870-1970 жылдары аралығында Қазақстанға сырттан 7 млн. адам келіп қоныстанған.

Тек XX ғасырдың басынан 50-ші жылдарына дейін сырттан 4 млн-ға жуық (3 млн. 950 мың) келіп сырттан қоныстаныпты. Осыдан кейін солтүстік өңірде жергілікті халықтың үлес салмағы 20 пайызға дейін құлдырады.

Қаза болған және босып кеткен қазақтар саны

№	Жылдар	Тарихи оқиға	Опат болған адам саны
1	1723-1728	Ақтабан шұбырынды	1 млн.100 мың
2	17-ғасырда 1916 ж.дейін	Басқыншыларға қарсы шайқаста шаһид болған сарбаздар	275 мың
3	1861-1915	Отаршыл орыс үкіметінің ойранынан атамекенін тастап көшкендер	350 мың
4	1916	Ұлт-азаттық көтерілісі кезінде шаһид болғандар	175 мың
5	1918-1922	Азамат соғысы кезінде	900 мың

		өлгендер мен 1920 жылғы ашаршылықтан қырылғандар	
6	1928	Мал-мүлкі тәркіленіп, үй-ішімен жер аударылған байлар	25 мың
7	1931-1933	«Ел қырылған» нәубетінің (қазақты құрту үшін қасақана жасалынған ашаршылықтың) құрбандары	2 млн. 300 мың
8	1927-1930	«Ел қырылған» нәубетінен бас сауғалап, атамекенін тастап кеткендер	625 мың
9	1937-1938	Алашордашыл, халық жауы атанып, нақақ жаладан жапа шеккендер	25 мың
10	1930-1953	Сібірге жер аударылып оралмағандар, Қазақстандағы «Карлаг», «Алжир», «Степлаг», «Гулаг» түрмелерінде опат болғандар	125 мың
11	1941-1945	Соғыс жылдары майданда қаза тапқандар	350 мың
12	1942-1946	Тылдағы бейбіт халық шығыны	150 мың
13	1944-1958	Соғыста тұтқынға түскендер, 1957-1958 жылдарға дейін еліне қайта алмағандар және әскери трибунал шешімімен жер аударылғандар	50 мың
14	1949-1989	Ядролық қаруларды сынау кезіндегі радиация құрбандары	23,5 мың
15	1980-1989	Ауғанстан соғысында қаза тапқандар	1,5 мың

16	1945-1991	Әскер қатарында жүріп мерт болғандар	25 мың
17	1986	Желтоқсан көтерілісінде мерт болғандар	?
18	1986-1989	Жұмыс, оқу іздеп, республикадан тыс жерлерге кеткен жастар	50 мың
19	1990-1994	Экологиялық және экономикалық себептермен шетелге кеткен босқындар	48 мың

Үш ғасырда қазақ халқының жалпы шығыны – 6 млн. 600 мың адам.
(Бұл деректер белгілі ғалым Мақаш Тәтімовтен алынды).

Сырттан келіп қоныстанған келімсектер мен кірмелер саны

№	Кезең	Келу себебі	Келген адам саны
1	XVII ғасыр	Жайық өңіріне көшіріп әкелген казак-орыстар	200 мың
2	XVII-XIX ғ.ғ.	Ащылы өзек, Ертіс, Жайық әскери шептерін құруға үй-іштерімен көшіріліп әкелінген жазалаушы әскери казак жасақтары	125 мың
3	1861-1915	Ресейдің еуропалық бөлігінен әкеліп қазақтың шұрайлы жерлеріне қоныстандырылған шаруалар (мұжықтар)	1 млн. 150 мың
4	XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басы	Ресейден қуғындалған қашқындар мен қылмыскерлер, ескі дінді жақтаушылар, кержактар, баптистер	150 мың
5	1917-1920	Сібір өлкесінен, Еділ, Жайық	100 мың

		бойынан келген әскери қашқындар	
6	1920-1930	Конфискация кезінде жер аударылған кулактар	25 мың
7	1930-1935	Өндірістендіру кезінде жұмысқа жіберілгендер	1 млн. 250 мың
8	1930-1945	Зорлықпен жер аударылғандар	1 млн. 300 мың
9	1941-1943	Соғыс ошақтарынан көшіріліп әкелінгендер	350 мың
10	1954-1959	Тың игеруге келгендер	1 млн. 950 мың
11	1970 жылға дейін	Өз бетімен келген қаңғыбастар	1 млн.
12	1946-1991	Стратегиялық маңызды, жабық әскери қалашықтарға жасырын түрде қоныстанғандар	250 мың
13	1990 жылға дейін	Ведомстволардың ұйымдастыруымен бүкілодақтық екіпінді құрылысқа жұмысқа келгендер	200 мың
14	1986-1993	Өз бетімен уақытша жұмысқа келгендер	50 мың
15	1989-1992	Кавказ бен Орта Азиядағы азамат соғысынан қашқан әскери және этникалық босқындар, Балтық маңы мен Молдовадан ауып келгендер	75 мың

Үш ғасырда Қазақстанға келген келімсек, бөгде, кірмелердің саны 8,5 миллиондай адам болды (*Бұл деректер белгілі ғалым-демограф Мақаш Тәтімовтен алынды*).

Аралас некенің ұлттық демографияға тигізген зарары

Кеңес уақытында аралас некені халықтар достығы немесе интернационализмнің кепілі ретіне насихаттайтын үрдіс қалыптасты.

Шын мәнінде, бұл ешқандай халықтар достығы немесе интернационализм емес, ары кеткенде, қазақша айтсақ, екі халықтың құдалығы.

Интернационализм деген—ол мүлде басқа дүние. Ол — ұлттардың бірбірінің ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сыйлауы, рухани қиындыққа ұшырса, бір-біріне қол ұшын беруі. Яғни, интернационализмнен ешкім зиян шекпеуі керек.

Жойдасыз насихатталған аралас некеден әуелі қазақтар зиян шекті. Бірен-саран ауылдық жердегі қазақтар болмаса, орыстан қатын алған қазақ жігітінің немесе орысқа әйел болған қазақ қызының кейінгі ұрпағы ұлттық ерекшеліктерінен айырылып, тіпті есімдері де орысшаланып, толық ассимиляцияға ұшырады. Сөйтіп, қазақтың бір буын ұрпағы аралас некенің арқасында азып жоғалды.

1940-шы жылдары Кеңес Одағы құрамында өмір сүріп жатқан 130 ұлттардың ішінде орыс ұлтымен неке құрған кіші халықтар арасында, бірінші орынға - латыштар, екінші орынға — қазақтар ие болған. Бұл оқиғаны мәскеуліктер «қазақтардың интернационализмге қосқан зор үлесі» деп баға берген.

Мәскеуден жоғары баға алған қазақтар өмірінде 1950 жылдары тың игеру кезінде елімізде аралас неке күрт өскені байқалды. 1940 жылдары қазақтар арасында аралас неке 15 пайыздың шамасында болса, 1950-ші жылдардың соңында 23 пайызға жеткен. 1979 жылы әрбір бесінші неке — аралас неке болыпты.

Тың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Т.И.Соколов: «Қазақ халық емес, оларды немістермен будандастырып жаңа ұлт жасау керек» деген бастама көтеріп, тәжірибе ретінде Қостанайда Дәмелі Жақсылықова дейтін қазақ қызына шошқа бақтырып, неміс жігітіне тұрмысқа шығарып, сол үшін «Еңбек Ері» атағын берді. Бұл істі барша қазақ қыздарына үлгі етіп ортаға ұран тасталуды да елімізде аралас некенің насихатталуының бір көрінісі осында жатыр (<http://www.namys.kz/> Қасым Тәукен. *Далам жыртылды, тілім қырқылды*).

Бір таңданарлық жағдай, 1980 жылдардың аяғында аралас неке күрт төмендеген. Тіпті 9,7 пайызға дейін құлдырап кеткен. Бұлай болуына әсер еткен дүние — елдегі демократиялық өрлеу пен ұлттық сананың оянуы немесе араласы некенің баянсыздығын түсінуден туған құбылыс деуге болады. Екінші жақтан аралас некеге отырған қазаққа көрсетілетін жеңілдіктер

(пәтерлі болу, қызметін өсіру) тоқтатылғандықтан біздің алақұйрық азаматтар аттың басын тарта қойған сыңайлы.

Егер осы үрдіс жалғаса беретін болса және оған өзіміздің орыстанған қазақтар қосылса, Қазақстанның біраз облыстары мен аудандарында тілі таза орысша, түрі қазақ пен орыстың аралық типін сақтаған жаңа халық пайда болуы мүмкін еді.

Мысалы, Югославия мемлекеті бытырамай тұрғанда халық саны 23 млн. болды. Онының 5 пайыз халқы, яғни, 1,2 млн. адам өздерін сербке де, хорватқа да, македондықтарға да жатқызбайтын, аралас некеден туғандар өздерін жаңа ұлт жасап, «югославияндық» деп атады.

Сөйтіп, қазіргі таңда будан-шата жаңа бір халық пайда болды (С. Балғабаяев. *Қазақтың қызыл кітабы. Алматы: Қазақстан, 1998.. 16-17 бб*).

Қазақ КСР Орталық Партия комитетіне бірінші хатшы болып келген Г.Колбин Алматы қаласының көрікті жерлерін аралап шығып, «Мен қазақтың зираттарын көрдім. Олар неге орыстардан бөлек жерленеді, біз тіріде бірге біргеміз, өлгенде неге бөлек жатамыз» (Б. Тілегенов. *Тұйық өмірдің құпиясы. Алматы: Дәуір, 1992. ж.322-б*) деген екен.

Осы бір ауыз сөз мемлекеттік идеология дәрежесіне дейін көтеріліп, республиканың бас идеологы Зақаш Камалиденов аралас некені көбейтуді қайтадан қолға алған (Б. Тілегенов. *Тұйық өмірдің Құпиясы. Алматы: Дәуір, 1992. 323-б*).

Таңданарлық жағдай, қазіргі тәуелсіздік Қазақия елінде жыл сайын шамамен 100 мың неке қиылса, осының 20 пайызы немесе 20 мыңы аралас неке. Құдай бұйыртса, кешікпей Кеңес кезіндегі межеге жетіп жығылатын түріміз бар. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне қарасақ, 18-20 жастағы қазақстандық қыздардың үштен бірі шетелдік жігітке күйеуге шыққысы келеді. Бұл бойжеткендердің 50 пайызы қазақ қыздары. Шетелдік азаматтармен аралас неке құрушылардың 50 пайызы байырғы отарлаушы ресейліктердің үлесінде.

1960-шы жылдары Қытайдан оралған қазақтар көші

Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталып, Сталин өлген соң Кеңес еліндегі құрсаулы саясаттың ептеп тоңы жібіді. Соғыстың алдында және соғыстан кейінгі (1950-ші жылдардағы репрессия) қуғын-сүрген кезінде зардап шеккен адамдар түрмеден босатылып, соғыстың салдарынан қирап қалған ел экономикасын көтеру үшін жұмыс күші ретінде еңбекке тартылды.

Бұл адамдар елдің ойсыраған еңбек күшін толық қамтамасыз ете алмады. Сол себепті, төңкеріс кезінде елден босып кеткен бұрынғы патшалық Ресей азаматтарын отандарына шақырды. Осы шараның пайдасы Қытай елінде өмір сүріп жатқан қазақтарға да тиді. Оларға 1945 жылы арнайы Кеңес елінің паспорты таратылып, төлқұжат алған адамдар 1955 жылдан бастап, Кеңес еліне қоныс аудару құқына ие болды.

Оның сыртында Қытай елінде 1960-шы жылдары жүргізілген «Мәдени төңкеріс» дейтін саяси науқан мұндағы қазақтарға сор боп тиді.

Науқанның соңы 200 мың қазақтың көші шекара бұзып Қазақстанға өтіп кетуіне әкеліп соқтырды. Осы көш XX ғасырда қазақ халқы үшін тарихи теңдессіз бағалы оқиға болды.

Бұл көшпен келген қазақтардың екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің ауыл шаруашылығын өркендету тәрізді бейбіт күнгі ел экономикасының өрлеуіне қосқан үлесі өз алдына, ұлттық этномәдени құбылыстардың, әсіресе, демографиялық өсім, тіл, дәстүр, қолданбалы өнер, ұлттық музыка мәдениетінің өркендеуіне орасан зор үлес қосты.

Егер де осы қазақтардың ұлттық қуаты келіп қосылмағанда Қазақстан мемлекеті ұлттық тұрғыдан құрып та кетуі мүмкін еді. Демографтардың мәліметіне сүйенсек: 60-шы жылдары шекара асқан елдің ұрпағы 2 млн-ға өскен. Және қандай ұрпақ, аузы уызға жарыған ұрпақ.

Тарихи оқиғаның топ ортасында болған, әрі көштің бұйдасын ұстаған азамат, үлкен жазушы Қабдеш Жұмаділов ағамыздың естелік жазбасында: *«Сол күндері бір байқағаным, қай ауылға барсаң да, жергілікті жастар тым аз болатын. Тек жастар ғана емес, орта буын еркектер мен қарттар да сирек еді. Соғыс аяқталғалы он жеті жыл өтсе де, оның зардабы әлі жойыла қоймапты. Орта буынның аз болатыны көпшілігі майданнан қайтпаған. Жастардың кеміс болатыны – соғыс жылдарында бала аз туған. Оларға*

қарағанда, көшіп келгендердің жал-құйрығы бүтін, азамат қатары толық еді. Әр үйден бес-алты бала өріп шығатын» депті.

Жазушы ағамыз айтқандай: әр үйден өріп шыққан бес-алты бала өскен соң ұлтымыздың руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Таза қоспасыз қазақы тәрбиемен сусындаған бұлар, қазірдің өзінде қазақ мәдениетінің діңін ұстап отыр. Атын атап түсін түстеудің қажеті болмас. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметте қазақша іс жүргізіп отырған, ұлттық театрларда өнерпаз болып жүрген жандардың дені осы көшкен елдің тұқымынан.

Көшіп келген қазақтардың КСРО-ның азаматтығын қабылдауы небәрі 2-3 айға ғана созылған. Бұл істі шешуге атсалысқан азамат –1959 жылы «Теміртау оқиғасына» байланысты министр қызметінен босап, Алматы облыстық ішкі істер басқармасына бастық болып келген Шырақбек Қабылбеков мырза: 1930 жылы 2 тамызда КСРО Жоғары Кеңесі қабылдаған «О гражданстве в СССР» деген 7 баптан тұратын заңның 2-ші және 3-ші баптарын басшылыққа алған да, босқын қазақтарға дереу азаматтық беру туралы қорытынды (заключение) шығарып, қолма-қол іске асырған.

Қытай еліндегі толқудың барысын қадағалап отырған Кеңес Одағы 1962 жылы сәуір айының 15-30 аралығында 15 күн бойы шекараны бірнеше жерден ашып тастаған. Тек Бақты маңынан өткен адам саны 150 мың болса, Жәркент және Күзуін заставасы маңынан асқандар саны 30-40 мыңға жеткен. Ресми құжат бойынша 200 мың қазақтың шекара асқаны жайлы дерек бар.

Тағы да Қабдеш Жұмаділовтің жазғанына жүгінсек: *«Көш Жаманты заставасына жеткенде күн арқан бойы көтерілді. Келсек: шекараның екі жағы бірдей иін тірескен халық. Ала бағандарды қосқан сымды бір шақырымдай жерге дейін жиып тастапты.*

Салт аттылар мен өгіз, түйелі көштер кез келген жерден өтіп жатыр. Тек арба өтетін өткел біреу ғана, сол маңда кезек күткен қарбаластық байқалады. ...Біреулер алдыңғы көштерін әкеліп тастап, артта қалған жүктеріне кетіп жатыр. Бақты тауының желкесіндегі сай-сала, сонау Ақшоқы бөктеріне дейін лықылдап толып кетіпті. Қолында барлар үйлерін тігіп алған. Бұлардан басқа, арбаның көлеңкесінде, ашық аспан астында жүктерін үйіп қойып, жатқан халықта қисап жоқ... Сол күні ұзақ күн ат

үстінде жүрдім. Аш-аламан босқын жұртқа азық-түлік тараттық... Босқын елді шекарадан қарсы алып, орналастырып жүргендер негізінен әскери адамдар, елді тізімге алып жатыр екен.

Шекара күзетіндегі барлық қазақ офицерлерін түгелдей осында әкелген сияқты» дейді.

Аталмыш көш арада жарты ғасырға таяу уақыт өтсе де толық дәлелді ғылыми бағасын әлі алған жоқ. Екіншіден, бүгінге дейін тарихи оқулықтарда айтылмай келеді. Сөйте тұра, осы көшпен қарайлас елімізге қоныстанған неміс, корей ұлттары мен кавказ халықтары туралы мәліметтерді жақсы білеміз.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ халқының демографиялық жаңғыруы

Еліміз тәуелсіздік алған 1990-шы жылдары Ақмола облысында – 24 пайыз, Көкшетау облысында – 33 пайыз, Қостанайда – 18 пайыз, Солтүстік Қазақстанда – 19 пайыз, Қарағанды облысында – 20 пайыз, Павлодар облысында – 32 пайыз ғана қазақ болды.

Арада 25 жыл өткенде, елімізде жүргізілген қолайлы саясаттың нәтижесінде, жергілікті қазақтар саны өсті. Бұл өсім, біріншіден, жергілікті қазақ ұлтының өсімі арқасында, екіншіден, басқа ұлттардың этникалық отандарына қоныс аударуына байланысты, үшіншіден, шетелде өмір сүріп жатқан қазақтардың оралуына қатысты қазақ халқының демографиялық ахуалы жақсарды.

Қазігі таңда еліміздегі (2016 жыл ақпан айы) қазақ ұлтының үлесі барлық халықтың 66,48 пайызын құрап отыр. Еліміздегі ең көп диаспора – орыстар саны - 3 млн. 700 мың. Ресми деректерте көрсетілгендей Қазақстанда пайыздық көрсеткіш бойынша қазақтар ең басым облыстар:

Қызылорда облысы - 95,98 пайыз;

Атырау облысы - 92,12 пайыз;

Маңғыстау облысы - 90,26 пайыз;

Ақтөбе облысы - 81,68 пайыз;

Астана қаласы - 75,51 пайыз;

Батыс Қазақстан облысы - 75,15 пайыз;

Оңтүстік Қазақстан облысы - 72,93 пайыз;

Жамбыл облысы - 72,55 пайыз;

Алматы облысы - 70,71 пайыз қазақтар қоныстанған. Бұл көрсетілген тоғыз өңірді «қазақ облыстары» деп атауға болады.

Шығыс Қазақстан облысында - 59,37 пайыз;

Алматы қаласында - 58,19 пайыз;

Павлодар облысында - 50,87 пайыз;

Ақмола облысында - 50,40 пайыз;

Қарағанды облысында - 50,35 пайызды құрап отыр. Бұл 5 өңірді «аралас өңірлер» деуге болады.

Ал қазақтар ең аз тұратын өңір:

Қостанайда қазақтардың үлесі - 39,71 пайыз;

Солтүстік Қазақстан облысында - 34,62 пайыз. Бұл екі облысты «орыстілді облыстар» деуге болады.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ, журналист-зерттеуші